



«Өскемен жылу жүйелері» АҚ
Директорлар кеңесінің
«05» 06 2024 жылғы № 2-24
Шешімімен бекітілді

**«Өскемен жылу жүйелері» АҚ
2023 жылғы
жылдық есебі**



Өскемен қ.
2024 жыл

Есептің мазмұны:

1. Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі.....	3
2. Атқарушы органның үндеуі.....	3
3. Жалпы мәліметтер.....	4-6
4. Есепті жыл бойынша қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері.....	6-7
4.1. Жылу энергиясын тұтынушыларымен жүргізілген жұмыс нәтижелері.....	7-15
4.2. Қауіпсіздік техникасын сақтау және еңбекті қорғау жұмысының нәтижелері.....	15-17
4.3. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жұмыстың нәтижелері.....	17-18
5. Активтердің құрылымы.....	18-19
6. Тұрақты даму, болашақ кезеңге арналған мақсаттар және жоспарлар.....	19-21
7. Негізгі тәуекел факторлары және тәуекелдерді басқару жүйесі.....	21-23
8. Корпоративтік басқару.....	23-29
8.1. КБК қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп.....	29-32
8.2. Жалғыз акционер тарапынан күтілетін талаптарды іске асыру туралы есеп.....	32
9. Аудитордың қорытындысы және қаржылық есептілік	32-35
10. Жылдық есепке енгізілетін аналитикалық көрсеткіштер мен деректер.....	35-46

1. Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

«Өскемен жылу жүйелері» АҚ үшін 2023 жыл оңайға тиген жоқ. 22.05.2023 жылы Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің №106 қаулысымен «Өскемен жылу жүйелері» АҚ акцияларының пакеті облыстық коммуналдық меншікке берілді.

Аталған өзгерістерге қарамастан, Қоғамдағы корпоративтік басқаруға ешқандай өзгерістер енгізілген жоқ, корпоративтік басқару әрдайым жоғары деңгейде іске асырылады. Сонымен қатар, корпоративтік басқаруды жетілдіру үшін 2023 жылы Корпоративтік басқарудың үлгілік кодексіне сәйкес Директорлар кеңесінің жанындағы Комитеттер құрылды. Қоғамның Корпоративтік басқару кодексі қайта қаралып, бекітілді. Сондай-ақ, Жалғыз акционер және онымен өзара іс-қимыл туралы, Директорлар кеңесі туралы, Корпоративтік хатшы туралы, Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттер туралы ережелер бекітілді.

Директорлар кеңесі шешім қабылдау үрдісінде барлық қатысушы тараптардың мүдделерін білдіре отырып, Қоғам қызметін басқаруды және оның тиімділігін арттыруды қамтамасыз етуді жалғастырады.

2023 жылды қорытындылай келе және 2024 жылға арналған міндеттерді алға қоя отырып, біз барлық мақсаттарға жетуге мүмкіндік беретін құрал-жабдықтар жиынтығының және қажетті білімі мен дағдылары бар, ойы бір жерден шығатын және пікірі үйлескен кәсіпорын ұжымының көмегімен дұрыс бағытта келе жатқанымызға сенімдіміз.

2. Атқарушы органның үндеуі

«Өскемен жылу жүйелері» АҚ Шығыс Қазақстан облысында Өскемен қаласының тұрғындарына жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және жылу энергиясымен жабдықтау қызметтерін көрсететін сенімді кәсіпорын болып табылады.

Бүгінгі күні «Өскемен ЖЭО» ЖШС, «Согра ЖЭО» ЖШС және Сол жағалау

ауданы, Аблакетка кенті, Меновное ауылы, Өуежай шағын ауданы, Аварийный кенті және Ново-Ахмирово ауылының қазандықтарының жылу көздері негізінде «Өскемен ЖЖ» АҚ құрамында жылумен жабдықтаудың орталықтандырылған жүйесі қызмет етеді.

«Өскемен ЖЖ» АҚ мүдделі тараптардың үміттері мен талаптарын ескере отырып, белгіленген нормативтерге сәйкес қызметтер көрсетуге, онды имиджін қолдауға (құруға) және тұтынушылар мен серіктестер тарапынан танытылатын сенімді сақтауға ұмтылады. Ол үшін біз үздіксіз дамуға ұмтылып, энергия үнемдейтін және экологиялық таза технологияларды, жылумен жабдықтау саласындағы заманауи әдістер мен құралдарды енгізіп, қолдануға тырысамыз; алдымызға стратегиялық және тактикалық мақсаттар қойып, оларға қол жеткізу үшін тиісті бағдарламалар әзірлейміз; тәуекелдерді бағалаймыз және сыртқы және ішкі факторларды назарға аламыз. Мәселен, 2023 жылы «Өскемен ЖЖ» АҚ «Инвестицияларға айырбастау тарифі» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жылу желілерін күрделі жөндеу бойынша қосымша іс-шараларды инвестициялық бағдарламаға енгізуге өтінім берді, нәтижесінде инвестициялық бағдарламаның сомасы 700 млн.теңгеден астам көлемге ұлғайтылды. Қосымша іс-шаралар Өскемен қаласы жылу желілерінің тозуын азайтуға және жылумен жабдықтаудың сенімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған.

2023 жылы кәсіпорын жылу энергиясын өндіру және беру үшін пайдаланылатын жабдықтардың, ғимараттар мен құрылыстардың жұмысқа жарамды жағдайын қамтамасыз етті. Аталған құрал-жабдықтардың сенімділігі мен үнемділігін қамтамасыз етуге бағытталған белгілі бір кезеңділікпен және дәйектілікпен жүзеге асырылатын жұмыстар үрдісі ұйымдастырылды және жүргізілді. Бұл жұмыстардың күткен нәтижесі күзгі-қысқы кезеңде жұмысқа дайындық паспортын уақтылы алу болып табылады.

Сіздердің назарларыңызға «Өскемен ЖЖ» АҚ-ның 2023 жылғы егжей-тегжейлі жылдық есебін ұсынамыз.

3. Жалпы мәліметтер

Қоғам «Өскемен жылу жүйелері» еншілес акционерлік қоғамынан құрылды (05.03.1997 жылғы №079724 мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі, сериясы А). Соңғы рет «Өскемен жылу жүйелері» акционерлік қоғамы ретінде қайта тіркелді (09.11.2004 жылғы №0308285 мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік, сериясы В).

Қоғам жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау жөніндегі табиғи монополияның субъектісі болып табылады.

Кәсіпорынның теңгеріміндегі жылу желілерінің жалпы ұзындығы 454,850 км құрайды, оның ішінде: 108,410 км - магистральдық желілер және 346,440 км – кварталдық. Қоғамның теңгерімінде жұмыс істеп тұрған 8 қазандық, 15 сорғы станциясы және 11 орталық жылу пункті бар.

Кәсіпорын қызметкерлерінің орташа тізімдік саны 717 адамды құрайды.

«Өскемен ЖЖ» АҚ 120,8 мыңнан астам тұтынушыға жылумен жабдықтау қызметтерін көрсетеді, оның ішінде 117,2 мыңға жуық тұтынушы және 3,6 мың тұтынушы – бұл заңды тұлғалар болып табылады.

Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жарғылық капиталында мемлекеттің 100% қатысу үлесі бар акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға болып табылады. Қоғамның 100% акциялар пакеті Өскемен қаласының әкімдігі атынан мемлекетке тиесілі.

Қоғам өзінің Жалғыз акционерінің мүлкінен жеке мүлікті иеленеді және Жалғыз акционерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапты болады. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сондай-ақ, мемлекет те оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Қоғамның жалғыз акционері Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғамның қызметіне байланысты залалдар тәуекелі бойынша жауапкершілік артады.

Негізгі қызмет түрлері:

- 1) жылу желілері арқылы жылу энергиясын өндіру;
- 2) дербес қазандықтары арқылы жылу энергиясын өндіру;
- 3) жылумен жабдықтау;
- 4) Өскемен қаласының шекарасында өз тұтынушылары үшін есепке алу аспаптарын орнату.

Жарғылық капиталдың құрылымы 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша төмендегілерді құрайды:

Тіркелген (жарияланған) акциялардың саны, түрі – жай акциялардың 134 100 384 данасы.

Жарияланған, бірақ орналастырылмаған акциялардың саны – жай акциялардың 29 938 925 данасы.

Орналастырылған акциялар саны – данасы 104 161 459 жай акция.

Бір акцияның номиналды құны – 100 (жүз) теңге.

Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік 2022 жылғы 25 наурызда ауыстырылды. Акциялар шығарылымы ISIN KZ1C00003706 кодымен бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне енгізілді.

Акциялар арқылы берілетін құқықтар:

1. «Мемлекеттік мүлік туралы» және «Акционерлік қоғамдар туралы» заңдарға сәйкес Жалғыз акционердің қарастыруына шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығы;

2. Қоғамда таза табыс болған кезде дивидендтер алу құқығы;

3. Қоғам таратылған кезде оның мүлкін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алу құқығы.

«Өскемен ЖЖ» АҚ-ны корпоративтік басқарудың озық тәжірибесіне сәйкестендіру мақсатында Директорлар кеңесінің шешімімен 29.11.2023 ж. Қоғамның миссиясы, пайымы, стратегиялық мақсаттары мен тұрақты дамуының негізгі қағидаттары бекітілді.

Даму жоспары – ұйымның бес жылдық кезеңдегі қызметінің негізгі бағыттары мен қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін белгілейтін құжат. Директорлар кеңесі 18.11.2021 жылы Қоғамның 2022-2026 жылдарға арналған Даму жоспарын бекітті.

2023 жылға арналған инвестициялар сомасы 2-ші жартыжылдықта нақтылау нәтижесіндегі көрсеткішке сәйкес - 2 192 918 мың теңгені құрады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша инвестициялық бағдарламаның орындалуы 1 092 991 мың теңгені құрады. 1 099 927 мың теңге сомасындағы ауытқу: инвестициялық бағдарламаның жекелеген іс-шараларын орындау мерзімінің 2024 жылға ауыстырылуы (817 529 мың теңге); конкурстық рәсімдердің нәтижелері бойынша қаражаттың үнемделуі (16 851 мың теңге); инвестицияларды сату көлемінің төмендеуі салдарынан бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыруға арналған тарифтік сметада көзделген кірістің түспеуі нәтижесінде іс-шаралардың орындалмауы; шаруашылық тәсілмен монтаждау жұмыстарын жүргізу есебінен жекелеген іс-шаралар бойынша соманың ұлғайтылуы (266 мың теңге) нәтижесінде; жабдық құнын өзгерту есебінен (61 мың теңге) (265 874 мың теңге) қалыптасты.

Даму жоспарының іс-шараларын орындау нәтижесі:

- жалпы ұзындығы 2,875 км және диаметрі 57-426 мм құрайтын жылу желілерін ауыстыру;

- 2 қазан агрегатын күрделі жөндеу;

- № 2 қазандықтың желілік қондырғысының жабдығын жөндеу;

- № 3 қазандықтың редукциялық қондырғысын жөндеу;

- № 3 қазандықтың № 3 ст КЕ-25/14 қазандық агрегатының күл ұстағыш қондырғысын жөндеу;

- «№2 қазандықтың КВТС-50 су жылыту қазандығының жабдығын өлшеу және реттеу құралдарын жаңғырту» жобасы бойынша жұмыстарды орындау;

- өндірістік нысандарды электр энергиясымен жабдықтау көзін жөндеу үшін 6 бірлік көлемінде жабдық сатып алу;

- 65 бірлік көлемінде ақпараттық технологиялар құралдарын жаңарту;

- ескірген жабдықты ауыстыру, жөндеу және 13 бірлік көлемінде жаңа жабдық сатып алу.

Даму жоспарын 2-ші жартыжылдықта нақтылау келесі себептер бойынша жүзеге асырылды:

- 02.07.2023 жылдан бастап «Инвестицияларға айырбастау тарифі» бағдарламасы бойынша тарифті бекітуге (26.06.2023 жылғы 96-НҚ) және тариф мөлшерін көтермей тарифтік сметаны одан әрі түзетуге байланысты шығындардың жекелеген баптары бойынша

шығыстарды түзету қажеттілігі (28.10.2022 жылғы № 03-01-07/03778 хаты). Отын, электр энергиясы, сумен жабдықтау, шикізат пен материалдар, ағымдағы жөндеу, әлеуметтік салықтарымен және аударымдарымен бірге алынған еңбекақы, мүлік салығы және т. б. сияқты баптар түзетілді.

- мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыруға, Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасын орындауға, сондай-ақ, ұсынылатын қызметтердің сапасы мен сенімділігін арттыруға байланысты, жылумен жабдықтау желілерінің тозуын, апаттар, ажыратулар санын азайту мақсатында инвестициялық бағдарламаны (16.06.2023 жылғы №76-НҚ және 21.06.2023 жылғы №136) бекіту - жекелеген іс-шаралар бойынша қаржы сомаларын өзгерту үшін іс-шаралар тізбесін, іс-шараларды іске асыру мерзімін түзету қажеттілігі.

- негізгі көрсеткіштерге өзгерістер енгізу қажеттілігі. Бұл қажеттілік «Шығыс Қазақстан облысы бойынша ревизиялық комиссиясы» ММ нұсқамасына байланысты туындады: яғни, «Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында белгіленген жылу энергетикасын дамыту басымдықтарын ескере отырып, «Өскемен ЖЖ» АҚ Даму жоспарының негізгі көрсеткіштерін қайта қарастыру».

Жоғарыда айтылғанның негізінде негізгі көрсеткіштерге келесі өзгерістер енгізілді:

1) Төмендегі көрсеткіштер жойылды:

- «Өскемен ЖЖ» АҚ инвестициялық бағдарламасын іске асыру;
- Жылу энергиясы.

3) Төмендегі көрсеткіштер енгізілді:

- «Өскемен ЖЖ» АҚ жылу желілеріндегі апаттар саны;
- Жылу энергиясының техникалық шығындар деңгейі;
- Техникалық мүмкіндігі бар тұтынушылардың жалпы санынан алғандағы тұтынушылардың есепке алу аспаптарымен жабдықталу деңгейі.

Жаңартылған негізгі көрсеткіштер жылу энергетикасын дамытудың басымдықтарын ескереді және «ТКШ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-мен келісілген (10.11.2022 жылғы №2626/2523 хат).

10.11.2022 жылғы №26/2523 хаты арқылы 2022 жылдан 2026 жылға дейінгі кезеңге арналған нысаналы көрсеткіштер бекітілді, алайда, мемлекет тарапынан бақыланатын акционерлік қоғамдарды дамыту жоспарлары орналастырылған www.gosreestr.kz тізілімі веб-порталының қызметі нысаналы көрсеткіштерді бірден бірнеше жылға түзетуге мүмкіндік бермейді және осыған байланысты біз жыл сайын нысаналы көрсеткіштер тізбесіне түзетулер енгізуге мәжбүр болып табыламыз (бекітілген көрсеткіштер туралы толығырақ ақпаратты Тұрақты даму, болашақ кезеңдерге арналған мақсаттар мен жоспарлар 6-бөлімінен қарауға болады).

4. Есепті жыл бойынша қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері

31.12.2023 жылғы жағдай бойынша (12 айға) пайда мен шығындар жөніндегі есеп.

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Есепті жыл бойынша
Кіріс	010	11 438 223
Сатылған тауарлар мен қызметтердің өзіндік құны	011	10 689 245

Жалпы пайда (010 жол – 011 жол)	012	748 978
Өнімді сатуға және қызмет көрсетуге арналған шығыстар	013	337 666
Әкімшілік шығыстар	014	338 355
<i>Операциялық пайда (залал) жиыны (+/- 012-ден 014-ке дейінгі жолдар)</i>	<i>20</i>	72 957
Қаржы кірістері	021	230 645
Қаржы шығыстары	022	599 665
Қауымдастырылған ұйымдардың пайдасындағы (залалындағы) және үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін бірлескен қызметтегі ұйымның үлесі	023	
Басқа кірістер	024	1 556 359
Басқа шығыстар	025	1 015 744
<i>Салық салуға дейінгі пайда (залал) (+/- 020-дан 025-ке дейінгі жолдар)</i>	<i>100</i>	244 551
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	101	234 699
<i>Жалғасып жатқан қызметтен түсетін салық салынғаннан кейінгі пайда (залал) (100 жол – 101 жол)</i>	<i>200</i>	9 852
Токтатылған қызметтен түсетін салық салынғаннан кейінгі пайда (залал)	201	-
Бір жыл барысында түскен пайда (200 жол + 201 жол):	300	9 852
бас ұйымның иелері		-
бақыланбайтын меншік иелерінің үлесі		-
Өзге жиынтық пайда, барлығы (410-дан 420-ға дейінгі жолдардың сомасы):	400	-
Жалпы жиынтық пайда (300 жол + 400 жол)	500	9 852

2023 жылғы есепті кезеңде бюджет қаражатынан жалпы сомасы 642 294,9 мың теңгеге субсидиялар бөлінді. Оның ішінде халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және қызмет көрсетуге 249 753,00 мың теңге, отын сатып алуға 392 541,9 мың теңге бөлінді. Субсидиялардың бөлінген сомасын кәсіпорын толық көлемде алды.

4.1. Жылу энергиясын тұтынушыларымен жүргізілген жұмыс нәтижелері

31.12.2023 жылғы жағдай бойынша тұтынушылар саны – 120 578, оның ішінде, халық саны - 116 954, оның ішінде шаруашылық жүргізуші субъектілер - 3624. 2023 жылы жылумен жабдықтауға алғаш қосылған 125 жаңа нысан қабылданды, оның ішінде:


Көп пәтерлі үйлер	9
Жеке үйлер	76
ӨТҒ. Әкімшілік ғимараттар. Кеңселер	6
Көлік жуу орындары	1
Өндірістік цех	5
ТКС	4

Құрылыс кезеңіне арналған тұрғын үйлер	9
Ресторан	1
Кондитерлік цех	1
Дүкендер	5
Түйіршіктер өндіру зауыты	1
Қойма	4
Зертхана	1

2023 жылы есептеу аспаптары орнатылды:

- су есептегіштер 1304 дана (шаруашылық субъектілерге – 78, тұрғындарға -1226),
- жылу есептегіштері 184 дана (шаруашылық субъектілерге – 43, жеке үй құрылыстарының тұрғындарына – 76, көп қабатты үйлердің тұрғындарына – 65).

Жылу энергиясын тұтыну



Коллекторлардан шығару (барлық көздер) 2396,63 мың Гкал

Пайдалы шығару (үй шаруаш. қажеттіліктерімен) 1971,31 мың Гкал

Шығындар 425,32 мың Гкал (17,7%)

оның ішінде «Өскемен ЖЭО» ЖШС сатып алу 1956,88 мың Гкал (81,7%)

Пайдалы шығару (үй шаруаш. қажеттіліктерімен) 1603,14 мың Гкал


Шығындар 353,73 мың Гкал (18,08%)

«Өскемен ЖЭО» ЖШС-дан шарттық түрде жылу энергиясын сатып алудан нақты сатып алудың айырмасы - 3,5% құрады.

оның ішінде «Согра ЖЭО» ЖШС-дан сатып алу 101,91 мың Гкал (4,3%)


Пайдалы шығару (үй шаруаш. қажеттіліктерімен) 76,02 мың Гкал

Шығындар 25,88 мың Гкал (25,4%)



«Согра ЖЭО» ЖШС-дан шарттық түрде жылу энергиясын сатып алудан нақты сатып алудың айырмасы – 10,7% құрады.

2023 жылғы сату құрылымы мен алымдары



	Тұтынушылар саны Өскемен қ.	Орнатылған су есептегіштері бар тұтынушылар	% жарақтандыру
	2	3	4
Жеке тұлғалар (жеке/ ес.)	116 954	73 652	63,0
Заңды тұлғалар (шарттар)	3 624	1 306	36,04

Жеке тұлғалар (тұрғындар) бойынша жылу энергиясын есепке алудың жалпыүйлік аспаптары жөніндегі ақпарат

		Барлығы	Оның ішінде	
			Көп пәтерлі	Жеке
1	Орталық жылытуға қосылған үйлердің жалпы саны	4559	1760	2799

2	Есепке алу аспаптарын орнату бойынша техникалық мүмкіндігі жоқ үйлердің саны (ескірген және апаттық жағдайдағы баспана, барак үлгісіндегі үйлер), бірл.	586	575	11
3	Есептеу аспаптарын орнатудың техникалық мүмкіндігі бар үйлердің саны, бірл.	3973	1185	2788
4	Оның ішінде, есепке алу аспаптарымен жарақтандырылған үйлердің саны, бірл.	2175	613	1562
5	техникалық мүмкіндігі барларға арналған жарақтандыру %	54,7	51,7	56,0
6	Есепке алу аспаптарымен жарақтандырылмаған, алайда, орнату үшін тех. мүмкіндігі бар үйлердің саны, бірл. (2-тармақсыз)	1809	572	1237
7	Есепке алу аспаптарына қажеттілік, оның ішінде, орнатылған есепке алу аспаптары (ескірген және апаттық жағдайдағы тұрғын үйлерді, барак үлгісіндегі үйлерді есепке алмағанда), бірл.	3698	1413	2285
8	Тіркелген есептеу аспаптарының саны, бірл.	2347	665	1682

2023 жылдың барысында жылу шаруашылығына жауапты тұтынушылардың уәкілетті өкілдерінің көп пәтерлі тұрғын үйлерінің жер төлеу үй-жайын тексеру тұрғысында «Өскемен ЖЖ» АҚ қаражаты есебінен ЖҮЖЕА орнатудың техникалық мүмкіндігін анықтау бойынша уәкілетті органмен (ШҚО бойынша ҰЭМ ТМР және БҚКД) келісілген қайтарылатын құны негіздегі өтініштері бойынша түсіндіру жұмыстары белсенді түрде жүргізілді, аталған кезеңде осындай 59 өтініш келіп түсті, оның ішінде:

- 1) Қаланың сервистік монтаждау ұйымдары арқылы тұтынушылардың өз қаражаты есебінен орнату - 8 ЖҮЖЕА;
- 2) «Өскемен ЖЖ» АҚ қаражаты есебінен қайтарылатын құны негізінде 12 айға бөліп төлей отырып, келесі мекенжайлар бойынша ЖҮЖЕА орнатылды: Қазақстан к-сі, 82/1, Свобода к-сі, 9, Лихарев к-сі, 7, саны 5 ЖҮЖЕА;
- 3) 10 мекенжай бойынша ЖҮЖЕА орнату үшін бөліп төлеуге арналған өтініштер мен құжаттар топтамасы жұмыс сатысында жатыр.

Заңды тұлғалар бойынша жылу энергиясын есепке алу аспаптары жөніндегі ақпарат

		Тұрғын емес ғимараттар	Оның ішінде бюджет ғимараттары:		
			Денсаулық сақтау	Білім беру	Басқалар (бюджет. ұйымдар)


1	Орталық жылытуға қосылған ғимараттардың жалпы саны, бірл.	2636	66	132	328
2	Есепке алу аспаптарын орнатудың техникалық мүмкіндігі жоқ ғимараттардың саны (ескірген және апаттық жағдайдағы үй-жайлар, барак үлгісіндегі ғимараттар), бірл.	0	0	0	0
3	Есепке алу аспаптарымен жарактандырылған ғимараттар саны, бірл.	2019	62	127	237
4	Техникалық мүмкіндігі бар тұлғалардың жарактандыру %	76,6	93,9	96,2	72,3
5	Есепке алу аспаптарымен жарактандырылмаған тұлғалар саны, бірл.	617	4	5	91
6	Есепке алу аспаптарына қажеттілік, оның ішінде орнатылған есепке алу аспаптары (ескірген және апаттық жағдайдағы үй-жайларды, барак үлгісіндегі ғимараттарды есепке алмағанда), бірл.	709	7	21	158
7	Орнатылған есепке алу аспаптарының саны, бірл.	1547	57	118	178

Жылу энергиясы үшін төлемдерді қабылдау «Қазпошта» АҚ және «First Heartland Jusan Bank» АҚ, «Қазақстан Халық банкі» АҚ банктерінің есеп айырысу-кассалық бөлімшелері арқылы жүзеге асырылады. Төлемді «Қазақстан Халық банкі» АҚ, «Astana-Plat» ЖШС (Астана Плат), «QIWI Kazakhstan» ЖШС (КИВИ Қазақстан) компаниялары арқылы POS-терминалдар, өзіне-өзі қызмет көрсету автоматтары, банкоматтар және өзге аппараттық/бағдарламалық құралдардың көмегімен және осы ұйымдардың <http://www.kassa24.kz/>, <http://www.Qiwi.kz> сайттарында төлеуге болады. Сондай-ақ, төлемді «Kaspi Bank» АҚ, «Forte Bank» АҚ, «Қазақстан Халық банкі» АҚ, «First Heartland Jusan Bank» АҚ интернет-ресурсы арқылы комиссиясыз төлеуге болады.

Алымдар

Атауы	Барлығы, мың теңге	Занды тұлғалар	Жеке тұлғалар
2023 жылы шоттар есептелді, млн. т	12 803,55	7 741,32	5 062,23
он.іш., ж/энергиясы үшін % алымдар, млн. т	12 743,54	7 593,90	5 149,64
ж/энергиясы үшін % алымдар	99,53	98,10	101,73
он.іш., есептелген шоттар бойынша ж/энергиясы үшін алымдар, млн. т.	11 097,18	6 346,51	4 750,68
есептелген шоттар бойынша алымдар %	86,67	81,98	93,85

Алымдар жоспар-нақты дерек 2023 ж.



01.01.2024 жылға арналған дебиторлық берешектің құрылымы

Халық және шаруашылық жүргізуші субъектілер (заңды тұлғалар) бойынша жыл басындағы жағдайды алғандағы берешек құрылымының өзгеруі келесі кестелерде көрсетілген:

Шаруашылық жүргізуші субъектілер (заңды тұлғалар)

	01 қаңтарға			
	Барлығы	1-ден 3 ай дейінгі қысқа мерзімді	4 айдан 1 жылға дейінгі ағымдағы	Бір жылдан және одан да көп мерзімге дейінгі берешек
2023	1 267 435	1 081 540	63 803	122 092
2024	1 477 908	1 301 365	93 450	83 093

Халық (жеке тұлғалар)

	01 қаңтарға			
	Барлығы	1-ден 3 ай дейінгі қысқа мерзімді	4 айдан 1 жылға дейінгі ағымдағы	Бір жылдан және одан да көп мерзімге дейінгі берешек
2023	420 281	274 226	49 968	96 087
2024	405 356	266 548	45 006	93 802

Қысқа мерзімді дебиторлық берешек өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7,678 млн.теңге сомасына азайды.

Ағымдағы берешек (4 айдан бір жылға дейін) өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4,96 млн.теңгеге азайды.

Туындаған мерзімінен бір жылдан асатын дебиторлық берешек жеке тұлғалар бойынша өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 2,28 млн. теңгеге азайды.

Жеке және заңды тұлғалар бойынша дебиторлық берешекті төмендету жөніндегі іс-шаралар (2023 жылғы 12 ай үшін):

№ р/б	Атауы	Жеке тұлғалар	Заңды тұлғалар
1	«Өскемен ЖЖ» АҚ CALL офісі арқылы берешек бойынша автоматты түрде қоңырау шалу	7 901	3 880

2	Берешек туралы хабарламаларды мекенжайларға тарату	14 619	1 926
3	Сотқа талап арыздарды дайындау және беру	1756 (50 233 млн. теңге)	80 (221 927 млн. теңге)
4	Берешекті бөліп төлеу туралы келісімдер жасасу	249	155
5	Берешекті сот тәртібімен өндіріп алу	1740 (58 887 млн. теңге)	74 (157 605 млн. теңге)
6.	Берешектері үшін ыстық суды өшіру	145	-
7.	Үйлердің кіреберістеріне хабарландыруларды тарату	39 408	-

Дебиторлық берешекті сот тәртібімен өндіріп алу:

2023 ж.	01.01.2023 ж. жағдай бойынша соттың орындалмаған шешімдері		2023ж.12 айы ішінде сотқа талап арыздар берілді.		2023ж. 12 айында сот шешімдері шығарылды		2023 ж. бойынша орындау			
	саны	сомасы, мың т.	саны	сомасы, мың т.	саны	сомасы, мың т.	Сумма, тыс.т. Сомасы, мың т.	% орын д.	оның ішінде 100% орындау	
									саны	сомасы, мың т.
Жеке тұлғалар (тұрғындар)	2 381	94 934	1756	50233	1740	58 887	56 283	38	1433	44 867
Заңды тұлғалар	194	113366	80	221927	74	157 605	138 927	51	62	94 052
Барлығы	2 575	208 300	1836	272160	1814	216 492	197 210	46	1 495	138 919

Заңды және жеке тұлғалар бойынша сот тәртібімен дебиторлық берешекті өндіріп алу жөніндегі іс-шаралар:

1. 2023 жылы адвокат Д. Әбілмажиновпен сотқа талап қою және жылу энергиясы үшін дебиторлық берешекті өндіріп алу туралы нотариаттық жазба шығару үшін ақпараттық деректерді ұсыну бойынша қызметтер көрсету туралы шартқа қол қойылды. Шарт бойынша АХАЖ-ға, Әділет департаментіне сұрау хаттары жолданды және растаушы құжаттарды алу, сондай-ақ, пәтер иелерін анықтау шамасына қарай берешекті сот тәртібімен өндіріп алуға талап арыздар берілді;

2. 2023 жылы жеке сот орындаушыларына (бұдан әрі - ЖСО) 54 366 млн.теңге сомасына 1 521 атқару парақтары берілді. Сот актілерін орындау үшін келесі бірлескен жұмыстар орындалды:

- 76 рейд өткізілді;
- борышкерге белгілі бір әрекеттерді жасауға тыйым салу туралы 1064 қаулы шығарылды (Е-нотариат);
- жылжымайтын мүлікке 912 шектеу қойылды;
- борышкерлердің Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығуына 12 шектеу қойылды. Егер берешек сомасы 40 еселенген АЕК-ке тең немесе одан асатын болса, шектеу қойылуы мүмкін болғандықтан, ай сайын ЖСО-ға орташа есеппен 34 546,00 теңге сомасына атқару парақтары берілді.

Жауапкерлердің еңбекақысы мен өзге табыстарын өндіріп алу туралы қаулылар бойынша ЖСО есеп айырысу шоттарынан және жеке тұлғалар бойынша 23 342 млн. теңге

сомасы түсті. Осыған байланысты, ай сайын 77 тұтынушыдан ЖСО шоты арқылы «Өскемен ЖЖ» АҚ есеп айырысу шотына орта есеппен 2 032 млн. теңге мөлшерінде сома түседі.

Тұтынушылармен өзара әрекеттесу:

Дербес қызмет көрсету орталықтарында жылумен жабдықтау мәселелері бойынша тұтынушылар күнделікті қабылданады. 2023 жылы дербес қызмет көрсету орталықтарында 98 618 өтініш (айына шамамен 8 218 өтініш) және «Өскемен ЖЖ» АҚ Call-орталығына 112 234 өтініш (айына 9 353-тен астам өтініш) тіркелді.

2023 жылы «Өскемен ЖЖ жеке кабинет» мобильді қосымшасында жылу энергиясы үшін төлемді қабылдайтын екінші деңгейдегі банктерге ауысу перендері бар жылу энергиясы үшін төлем төлеу қызметі қосылды.

2023 жылы кәсіпорынға тұтынушылардан 75 шағым түсті, оның ішінде:

- Пәтердегі шу бойынша 1;
- ЫСЖ жоғары температурасы бойынша 1;
- Жұмыс істемейтін сүлгі құрғатқыш бойынша 1;
- Пәтердегі төмен температура бойынша 72.

Әр шағым бойынша іс-шаралар жоспары құрылып, жағдайлардың туындау себептері анықталды. Олардың барлығы Кәсіпорынның жауапкершілігінен тыс тақырыптарды қамтиды. Барлық жағдай бойынша жылу энергиясы кестеге сәйкес жылу жүйесіне берілді.

Бір жыл ішінде қызметкерлердің жұмыс сапасы үшін 11 алғыс тіркелді.

Тұтынушылардан сауалнама алу

2023 жылдың шілдесінен қазанына дейін жеке/заңды тұлғалар тұтынушыларының қанағаттанушылығын анықтау мақсатында сауалнама алу жүргізілді. Жеке тұлғалар арасында 2 923 тұтынушыдан сауалнама алынды, оның ішінде:

- көрсетілетін қызметтерге риза - 95 %

Заңды тұлғалардың 120 тұтынушыларынан сауалнама алынды, оның ішінде:

- көрсетілетін қызметтерге риза - 96 %.

Средний уровень удовлетворенности потребителей качеством обслуживания – 95,5 %.

Тұтынушылардың қызмет көрсету сапасына қанағаттанушылығының орташа деңгейі – 95,5 %.

Әлеуметтік желілер

Инстаграм - ең көп қолданылатын әлеуметтік желілердің бірі болып табылады.

Кәсіпорынның инстаграм парақшасы оның өз тұтынушыларына жақын болуға, тұтынушылардың өтініштеріне жедел түрде көңіл бөлуге, заман талабы мен тренд қадамынан қалыспауға және қызмет көрсету саласында бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді.

Кәсіпорынның «@ukts_info» инстаграм парақшасы 2019 жылдың 30 шілдесінде құрылды.

Парақшада 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін төмендегі шаралар іске асырылды:

→ жарияланған жарияланымдар саны - 184;

→ парақшаға жазылған тұлғалар саны - 14 727 адам, салыстыру үшін алатын болсақ, 2023 жылдың 1 қаңтарында парақшаға 12 539 адам жазылды, яғни, таза өсім 2 188 жазылушы санын құрады.

2023 жылдың қаңтар айынан бастап:

- Инстаграм* жарияланымдары астында жазылған тұтынушылардың 1023 ой-пікірлері мен сұрақтарына жауап берілді;
- 1736 тұтынушы директ бөліміне жүгініп, өз сұрақтарына жауап алды.
- таплинкке кірген тұлғалар саны, яғни, 2023 жылы белсенді сілтеме бойынша өткен тұлғалар саны 9495 құрады.

Инстаграм парақшасының негізгі мақсаты «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында тұтынушылар мен Кәсіпорын арасындағы сұхбаттасуды қамтамасыз ету, тұтынушылардың сауаттылығын арттыру, сондай-ақ, кәсіпорынның қызметі, жетістіктері және қызметкерлері туралы хабардар ету болып табылады.

2023 жылы 2 ГАЗ – ға түскен өтініштер саны-27, мысалы, 2022 жылы 207 болды. Facebook директ бөліміне 1 (бір) өтініш түсті.

4.2. Қауіпсіздік техникасын сақтау және еңбекті қорғау жұмысының нәтижелері

Қоғамда жыл сайын қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мен еңбегін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған ережелердің талаптарын орындау бойынша бірқатар жұмыстар атқарылды.

Жұмысқа жаңадан қабылданған қызметкерлерді (2023 жылы 177 адам), сондай-ақ, мердігер ұйымдардың қызметкерлерін (2023 жылы 339 адам) жұмысқа қабылдау кезінде жұмыстарды орындауды бастағанға дейін кіріспе нұсқама жүргізіледі. Кәсіпорын қызметкерлеріне бұдан кейін жұмыс орнында бастапқы нұсқаулық беріледі. Кіріспе нұсқаманы өткізу кезінде қызметкерлер, сондай-ақ, мердігерлер Кәсіпорын Саясатымен, жұмыс үрдісінде орындау үшін міндетті болып табылатын Кәсіпорынның қолданыстағы еңбекті қорғау жөніндегі нормаларымен және талаптарымен танысады.

«Өскемен ЖЖ» АҚ қызметкерлері үшін тоқсан сайын қайталанатын нұсқамалар өткізіледі.

Рұқсат құжаттары мен өкімдері бойынша жұмыстар жүргізілген кезде нысаналы нұсқамалар өткізіледі. Кәсіпорында жұмыстарды орындауға дейін күн сайын КН 01-01 «Қауіптерді сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау және тәуекелдерді басқару» нұсқаулығына сәйкес қауіптерді сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау және тәуекелдерді басқарудың қажетті шараларын белгілеу қызметтері іске асырылады.

Жыл сайын бөлімшелер жұмыс және жұмыс аймақтарының тәуекелдерін бағалайды. Анықталған және бағаланған тәуекелдер бойынша 2023 жылға арналған Тәуекелдерді басқару бағдарламасы құрылды. Аталған бағдарлама бойынша 2023 жылға жоспарланған іс-шаралар орындалды.

Қауіпсіздіктің алдын алу шаралары жабдықтардың жай-күйін жүйелі бақылау және қауіпті өндірістік факторларды, кәсіпорын мен мердігер ұйымдары қызметкерлерінің мінез-құлқын уақтылы анықтау жолымен қамтамасыз етіледі. ЕҚЖЕҚ қызметі барлық ИТЖ үшін аралап тексеру нормалары мен көлемін, сондай-ақ, жұмыс орындарын аралап тексеру санын белгілейді, қайта тексеру бойынша мониторинг, бақылау және талдау жүргізеді. Аралап тексеру нәтижелері «Битрикс 24» корпоративтік порталы негізінде әзірленген заманауи модульге енгізіледі.

Апта сайын, сондай-ақ, ай сайын жұмыс орындарын аралап тексеру бойынша есептер жасалады.

2023 жыл барысында қызметкерлердің хабардарлығын арттыру және қызметкерлердің тәжірибелік дағдыларын жақсарту үшін көрнекі рұқсат ету іс-шаралары мен оқыту жаттығуларын өткізіле отырып, 12 Қауіпсіздік техникасы күндері өткізілді. ҚТ және ҚОҚ саласында 656 бұзушылық анықталды. ҚТ және ҚОҚ күндерінің барлық анықталған бұзушылықтары жойылып, ескертулері орындалды.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 203-бабына сәйкес Қоғамда Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес жұмысын жалғастыруда. Өндірістік кеңес өз жұмысы аясында жұмыс беруші мен қызметкерлердің еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттанудың және кәсіптік аурулардың алдын алу, сондай-ақ, жұмыс орындарында еңбекті қорғау жағдайларын тексеру жөніндегі бірлескен іс-қимылдарын ұйымдастырады.

Өндірістік кеңес тағайындаған ЕҚжәнеЕҚ жөніндегі техникалық инспекторлар еңбекті қорғау жөніндегі талаптардың сақталуын бақылайды. Жұмыс орындарын тексереді, қауіпсіздік талаптарының бұзылуын анықтайды, анықталған бұзушылықтар мақсатты аралап тексеруді есепке алу жөніндегі бағдарламаға енгізіледі. ЕҚжәнеЕҚ жөніндегі техникалық инспекторлар еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі істердің жай-күйін, заңнамадағы өзгерістерді, сондай-ақ, бөлімшелердің неғұрлым өзекті ағымдағы мәселелерін талқылайды.

Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңының талаптарына сәйкес, 2023 жылы мамандандырылған ұйымдарда ИТЖ (189 адам), сондай-ақ, қауіпті өндірістік нысандарға қызмет көрсететін жұмысшылар (қазандар - қазандар машинистері, компрессорлар - компрессоршылар), техникалық құрылғылар (крандар – краншылар, матаушылар) және жанғыш газдарды (пропан, ацетилен - газ кесушілер) сақтайтын және пайдаланатын жұмысшылар (153 адам) 10 сағаттық және 40 сағаттық оқу бағдарламалары бойынша жыл сайынғы оқудан өткізілді.

Өрт қауіпсіздігіне жауапты ИТЖ, сондай-ақ, тікелей өрт жұмыстарын жүргізетін тұлғалар (52 адам) өрт-техникалық минимумы бойынша курстарда оқытылды.

Жыл басынан бастап барлық өндірістік бөлімшелерде қызметкерлерді ішкі оқытудың жылдық жоспарлары құрылды, 2023 жылдың соңында «Қызметкерлерді оқыту, нұсқаулық беру және олардың білімін тексеру ережелеріне» сәйкес құрылымдық бөлімшелердің біліктілік комиссиялары хаттамалар жасай отырып, оқу нәтижесі бойынша қызметкерлердің білімін тексерді.

Техникалық пайдалану қағидалары, өрт қауіпсіздігі қағидалары, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы қағидалары, дәрігерге дейінгі көмек көрсету қағидалары бойынша Кәсіпорынның 549 қызметкерінің біліміне ішкі біліктілік тексеру жүргізілді.

Кәсіпорынның нұсқаулықтарын, атап айтқанда, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бөлімін қайта қарастыру жұмыстары белсенді түрде жалғасуда. Қайта қарастырылған нұсқаулықтар Кәсіпорын серверінде орналастырылады.

Ақпараттық стендтерде еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасына қатысты өзекті мәселелер бойынша ақпарат үнемі жаңартылып отырады.

Жыл сайын қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті түрде сақтандыру жөніндегі шарт жасалады. Жыл сайын дәрі-дәрмектер сатып алынады.

Жұмысшылардың тұмаумен сырқаттануының алдын алу шаралары ретінде халықпен тікелей байланыста қызмет ететін 51 адамға тұмауға қарсы егу жүргізілді.

Қызметкерлердің денсаулық жағдайын бақылау мақсатында «Мамандандырылған медициналық ұйымдарда міндетті медициналық тексерулер жүргізу қағидаларына» сәйкес

30.10.2023 ж. - 30.11.2023 ж. кезеңі аралығында жыл сайынғы қызметкерлерді медициналық тексеру (617 адам көлемінде) жүргізілді. Медициналық тексеру нәтижелері акт түрінде ұсынылды.

2023 жыл барысында еңбек жағдайлары және өндірістік тұрмыс бойынша үздік бөлімшені айқындау үшін арнайы құрылған комиссия тарапынан аралап тексеру жүргізілді, аталған комиссияның құрамына: кәсіподақ өкілі, бөлімшелер өкілдері, сондай-ақ, ЕҚжәнеЕҚ жөніндегі инженер кірді.

Жұмыс орындарын аралап тексеру нәтижелері.

2023 жылы елеулі деңгейдегі жұмыс орындарын аралап тексеру нәтижесінде 22 ескерту тіркелді. Орташа деңгей бойынша 2023 жылы 355 ескерту тіркелді. Қызметкердің қауіпті мінез-құлқы санаты бойынша ескертулер тіркелген жоқ.

р.б.	Атауы	2023 жыл
1	Аралап тексерудің жалпы саны, оның ішінде:	1726
2	- жұмыс орындарын тексеру	1631
3	- жұмыстарды бақылау	95
5	Анықталған ескертулер саны, оның ішінде:	1398
6	- қызметкерлердің қауіпті мінез-құлқы	0
	- жабдықтардың, ғимараттардың және т. б. қауіпті жағдайы.	1398

2023 жыл ішінде ең көп ескертулер тіркелген негізгі санаттар:

- | | |
|---|--------------|
| 1) Өрт қауіпсіздігі | 157 ескерту; |
| 2) Кәсіпорын ғимараттарының/құрылыстарының қауіпті жай-күйі | 193 ескерту; |
| 3) Санитарлық жағдай | 252 ескерту. |

Ескертулердің маңыздылық дәрежесі бойынша:

- | | |
|---------------------------------|---------------|
| 1) Қауіптіліктің елеулі деңгейі | 22 ескерту; |
| 2) Орташа деңгей | 355 ескерту; |
| 3) Шамалы деңгей | 1021 ескерту. |

2023 жыл барысында еңбек қызметіне байланысты бірде-бір жазатайым оқиға тіркелген жоқ. 31.12.2023 жылғы жағдай бойынша «Өскемен ЖЖ» АҚ-да жұмыс уақыты бос жұмсалатын жазатайым оқиғалар болған жоқ, 1245 күн жұмыс уақыты өткізілді.

Кәсіпорында жарақат қауіпсіздігі бойынша жағдайды жақсарту мақсатында қызметкерлерді арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, ұжымдық және жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету, тәуекелдерді басқару жоспары бойынша іс-шараларды орындау, қызметкерлерді оқыту және нұсқама беру жөніндегі іс-шаралар орындалады.

Жарылыс қаупі бар, өрт қаупі бар жабдыққа, автокөлікке қызмет көрсетуге байланысы бар тұлғалар жұмыстардың басталуына дейін денсаулық жағдайын, психоактивті заттарды пайдалануды бақылау мақсатында ауысым алдындағы медициналық куәландырудан өтеді.

4.3. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жұмыстың нәтижелері

Ластаушы заттар шығарындыларының төмендеуіне және басқа да экологиялық факторларға әсер еткен 2023 жылы орындалған іс-шаралар:

№	Іс-шараның атауы	Жоспарланған жұмыс көлемі	Бекітілген жоспарға сәйкес іс-шараны орындау кезеңі	Жоспарланған/нақты дерек (мың теңге)	игерілген қаражат % **	орындалған жұмыстар %	Іс-шараның экологиялық әсері *	Ескерту (орындамау себептері)
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1. Өуе бассейнін қорғау								
1	ПМУ жұмысының тиімділігін тексеру	23 дана	Қаңтар-Желтоқсан 2023 ж.	728,0/728,0	100%	100%	СҚА шекарасында және алаңда атмосфералық ауаның нормативтен тыс ластануына жол бермеу	Орындалды
2	Замена дымососов Д15,5; Дымососа рециркуляции ДН-9 D15,5 түтін сорғыларын; ДН-9 рециркуляция түтін сорғысыны ауыстыру	4 дана	Қаңтар-Желтоқсан 2023 ж.	8174/24582	300%	100%	Бейорганикалық шаң шығарындыларын азайту	Орындалды
10. Ғылыми-зерттеу, іздестіру және басқа әзірлемелер								
1	Қоршаған орта компоненттерінің күл-қож қалдықтарын ың улы заттарымен ластану деңгейін анықтау	1 бірл.	2023 ж.	390,8/390,8	100%	100%	Қоршаған ортаға тигізілетін әсерді төмендету	Орындалды
11. Экологиялық білім беру және насихаттау								
1	ҚОҚ бөлімінің мамандарын оқыту	2 адам	2023 ж.	185,0/185,0	100%	100%	Қоршаған ортаға тигізілетін әсерді төмендету	Орындалды


5. Активтердің құрылымы

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша:

№ рб.	Активтер	мың теңге
1. Қысқа мерзімді активтер		
1	Ақшалай қаражат және олардың баламалары	329 286
2	Қысқа мерзімді сауда және басқа дебиторлық берешек	1 873280
3	Ағымдағы табыс салығы	79 411
4	Қорлар	326 362
5	Басқа қысқа мерзімді активтер, оның ішінде:	160 186

	Берілген қысқа мерзімді аванстар	88 359
	Берілген қысқа мерзімді аванстар	2 265
	Ағымдағы салық активтері	4 171
	II. Ұзақ мерзімді активтер	
6	Басқа ұзақ мерзімді қаржы активтері	2 570
7	Негізгі құралдар	20 801 430
8	Материалдық емес активтер	33 357
9	Басқа ұзақ мерзімді активтер	1 020 399
Барлық активтер		24 626 281

Диаграммада көрсетілген нұсқа:



6. Тұрақты даму, болашақ кезеңдерге арналған мақсаттар мен жоспарлар

«Өскемен ЖЖ» АҚ ұзақ мерзімді кезеңге орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, экономикаға, экологияға және қоғамға өзінің тигізетін ықпалының маңызды екенін түсінеді.

Қоғамның барлық қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары барлық деңгейде Қоғамның тұрақты дамуына өз үлесін қосады.

Қоғамда ҚР Еңбек кодексінің талаптарын сақтай отырып әзірленген және әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына бағдарланған Ұжымдық шарт әрекет етеді, Ұжымдық шарт еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау, әділ сыйақы төлеу, қызметкерлердің құқықтарын құрметтеу және материалдық тұрғыда көтермелеу, персоналды дамыту/оқыту қызметтерін қамтиды. ҚР Әлеуметтік кодексі ресми түрде іске қосылғаннан кейін және ҚР Еңбек кодексіне өзгерістер енгізілгеннен кейін Салалық келісімді ескере отырып, қолданыстағы Ұжымдық шартты қайта қарастыру жоспарлануда.

ҚР «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Заңына сәйкес «Өскемен ЖЖ» АҚ Мемлекеттік энергетикалық тізілімге енгізілген, өйткені, «Өскемен ЖЖ» АҚ жылына жүз және одан көп тонна шартты отынға баламалы көлемде

энергетикалық ресурстарды тұтынатын квазимемлекеттік сектор және табиғи монополиялар субъектісі болып табылады.

Сондай-ақ, жоғарыда аталған Заңның талаптарына сәйкес «Мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері кемінде бес жылда бір рет міндетті энергоаудиттен өтеді». Энергоаудитті жүргізу нәтижелері бойынша энергоаудиторлық ұйым тарапынан Энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қорытынды беріледі және оның негізінде Тапсырыс берушімен бірлесіп, Энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары құрылады және бекітіледі.

Кәсіпорында соңғы энергоаудит 2019 жылы жүргізілді. Энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары 2020-2024 жылдар кезеңіне бекітілді. 2024 жылы келесі энергоаудитті жүргізу жоспарлануда.

«Өскемен ЖЖ» АҚ тарапынан жыл сайын 1-ші сәуірге дейін aisger.kz. Мемлекеттік энергетикалық тізілім сайтында электрондық нысанды толтыру арқылы энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау нәтижелері туралы есебі беріледі.

2023 жылдың қорытындылары бойынша энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізілген және 2023 жылға орындауға жоспарланған барлық 9 іс-шара орындалды. Бұдан басқа, әрбір ай бойынша барлық пайдаланылатын/қолданылатын энергетикалық ресурстарды тұтынуға егжей-тегжейлі талдау жүргізіледі.

2026 жылға дейінгі Даму жоспарына мынадай нысаналы көрсеткіштер енгізілді:

№ 1 соңғы нәтиже - «Өскемен ЖЖ» АҚ жылу желілеріндегі апаттар саны	
2022	0
2023	0
2024	0
2025	0
2026	0
№2 соңғы нәтиже – жылу энергиясының техникалық шығын деңгейі	
2022	18,66%
2023	18,50%
2024	18,44%
2025	18,29%
2026	18,29%
№ 3 соңғы нәтиже - техникалық мүмкіндігі бар тұтынушылардың жалпы санынан алғандағы есепке алу аспаптарымен жабдықтау деңгейі	
2022	61,2%
2023	63,5%
2024	65,8%
2025	68,1%
2026	70,4%

2023 жылдың қорытындылары бойынша жылу желілеріндегі апаттар саны – 0 құрады, жылу энергиясының техникалық шығындарының деңгейі 17,5% құрады; техникалық мүмкіндігі бар тұтынушылардың жалпы санынан алғандағы есепке алу аспаптарымен жабдықтау деңгейі 63,5% құрады.

Алдағы жылдарға арналған мақсаттар мен жоспарлар

1. «Инвестицияларға айырбастау тарифі мемлекеттік бағдарламасын орындау аясында жылу желілерінің тозуын азайту мақсатында 2023 жылғы инвестициялық бағдарламаға жалпы ұзындығы 3,162 ш.км. жылу желілерінің учаскелерін ауыстыру бойынша қосымша іс-шаралар енгізілді, 2024 жылғы инвестициялық бағдарламаға жалпы ұзындығы 4,705 ш.км. жылу желілерінің учаскелерін ауыстыру бойынша қосымша іс-шаралар енгізілді. Алдағы уақытта жылу желілерінің тозу деңгейін төмендету мақсатында тарифті көтеруге өтінім беру жоспарлануда, өйткені, жылу желілерін ауыстыру үшін бекітілген инвестициялық бағдарламада көзделген қаражат тек тозу деңгейін бір деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік береді, алайда, тозу деңгейін төмендетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

2. 2022-2023 жылдары барысында «Өскемен қаласының мешіті ауданында орналасқан Қаныш Сәтпаев даңғылындағы жылу сорғы станциясын техникалық қайта жарақтандыру» ЖСҚ әзірленді. Өскемен қаласының Сол жағалау ауданында көпқабатты тұрғын үйлерді салу есебінен тұтынушылар санының өсу қарқынының жоғарылауына байланысты болашақ уақытқа арналған гидравликалық есептеулерге және жылу жүктемелерінің күтілетін өсуіне сәйкес қосымша сорғыларды орнату арқылы ЖПСС қуатын ұлғайту қажеттілігі туындады. Аталған ЖПСС 2014 жылы іске қосылды. Сорғы станциясы жылу беретін құбырда қосымша қысым жасауға және гидравликалық режимді сақтауға – жылу желілерінің кері құбырындағы қысымды төмендетуге арналған. Іске асыру 2024 жылға жоспарланған.

3. №5 қазандық жабдықтарын жаңғырту, ШҚО, Өскемен қ., Ново-Ахмирово кенті.

Әкімдіктің қаулысы негізінде Ново-Ахмирово кентінің № 5 қазандығы 2020 жылы Өскемен қаласының коммуналдық меншігіне қабылданды, кейіннен «Өскемен ЖЖ» АҚ теңгеріміне берілді.

№5 қазандықты тексеру кезінде қазандықты іс жүзінде пайдалану қауіпті екені, қазандық жабдықтарының істен шығу қауіпі бар екендігі, тозған құрал-жабдықтың пайдаланушы қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретіні анықталды. Негізгі және қосалқы құрал-жабдықтар қатаң қолдану жағдайларында пайдаланылды, бірнеше рет жөнделді, іс жүзінде заттық тұрғыдан ескірді және жоғары тозу деңгейіне ие болды. Жөндеуге келмеді, сондықтан, жөндеу жұмыстарын жүргізу тиімсіз болды. Негізгі және қосалқы жабдықты ауыстыра отырып, қазандықты қайта жаңарту, сондай-ақ, жетіспейтін жабдықты орнату қажет болды.

Әзірленген ЖСҚ-ға мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы берілгеннен кейін жобаны кезең-кезеңімен іске асыру жоспарлануда.

4. №2 қазандықты кеңейту

2022 жылы «ШҚО энергетика және ТКШ басқармасы» ММ тапсырысы бойынша орындалған Өскемен қаласы, Ертіс өзенінің сол жағалауы №7 учаскесі» АҚ №2 қазандығын кеңейту» техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу аяқталды. 17.01.2023 ж. «Мемсараптама» РМК тарапынан ТЭН-ге оң қорытынды берілді. ЖСҚ әзірлеу құны 412 млн. теңгені, әзірлеу ұзақтығы 16 айды, құрылыс ұзақтығы 17 айды құрады. Жобаны іске асыру құны 25,2 млрд. теңгені құрады.

28.12.2023 ж. «Өскемен қ., Ертіс өзенінің сол жағалауы №7 учаскесі» ЖСҚ-сын әзірлеу үшін «ШҚО энергетика және ТКШ басқармасы» ММ мен «QAZSAURAN» ЖШС (Өскемен қ.) арасында шарт жасалды.

ЖСҚ әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы берілгеннен кейін

жобаны іске асыру жоспарлануда.

7. Тәуекелдерді басқару жүйесі

7.1. Кәсіпорында тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі саясат (бұдан әрі – саясат) енгізілді және табысты іске асырылуда, онда Кәсіпорында тәуекелдерді басқарудың негізгі қағидаттары белгіленген; Кәсіпорынның мақсаттары мен міндеттері сипатталған, сондай-ақ, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау субъектілері арасындағы міндеттер мен өкілеттіктер бөлінген.

7.2. Кәсіпорында тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау (ТБЖІБ) мақсаттары келесілер болып табылады:

Кәсіпорынның стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ету және даму жоспарларын іске асыру;

қаржы-шаруашылық қызметтің тиімділігін және ресурстарды үнемді пайдалануды қамтамасыз ету және т. б.

7.3. Тәуекелдерді басқару барлық ұйымдастырушылық және өндірістік үрдістердің, оның ішінде, стратегиялық жоспарлаудың, қаржы-шаруашылық қызметтің ажырамас бөлігі болып табылады.

7.4. Кәсіпорынның басқару өкілдері, орта буын менеджерлері, инженерлік-техникалық қызметкерлері және мамандары тәуекел-менеджменттің рөлін түсінеді және тәуекелдерді анықтау, талдау және бағалау және тәуекелдерді басқару үрдісіне белсенді қатысады.

7.5. Тәуекелдерді басқару үрдісі - бұл мерзімді негізде жүзеге асырылатын өзара байланысты келесі кезеңдер тізбегі болып табылады:

1) ұйымның мәнмәтінін талдау;

2) мақсат қою;

3) ішкі және сыртқы факторларды ескере отырып, тәуекелдерді сәйкестендіру (анықтау);

4) тәуекелдерді бағалау және оларға басымдық беру;

5) бақылау рәсімдерін қоса алғанда, тәуекелдерге ден қою жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және іске асыру;

6) тәуекелдерді мониторингілеу және бақылау;

7) мерзімді және жылдық есептілікті қалыптастыру және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі ақпаратты ашу;

8) ТБЖІБ үрдістерінің тиімділігін бағалау.

7.6. ТБЖІБ үрдісінің әр кезеңінің сипаттамасы Кәсіпорынның ЖК 16-01 «Тәуекелдерді бағалау және басқару» ішкі нормативтік құжатына сәйкес жүзеге асырылады.

7.7. Тәуекелдерді басқару үрдісінде келесі құжаттар пайда болады:

1) Кәсіпорынның және тәуекел иелерінің ағымдағы жылға арналған тәуекелдерінің тізбесі;

2) тәуекелдер (стратегиялық, қаржылық, құқықтық, сыбайлас жемқорлық, операциялық тәуекелдер) тіркелімдері;

3) Кәсіпорын тәуекелдерінің графикалық картасы;

4) тәуекелдер жөніндегі құжаттарды қарастыру, бекіту қорытындылары бойынша үйлестіру кеңесі отырыстарының хаттамасы;

5) тәуекел иелерінің тәуекелдері бойынша есептер және күнтізбелік жылдағы тәуекелдер бойынша жиынтық есеп;

7.8. Барлық анықталған тәуекелдер келесі бағыттар бойынша топтастырылады:

1) стратегиялық тәуекелдер;

2) қаржы тәуекелдері;

3) құқықтық тәуекелдер;

4) операциялық тәуекелдер;


5) сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.

7.9. 2023 жылы 32 тәуекел анықталды, оның ішінде:

1) стратегиялық тәуекелдер - 2;

- 2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдері - 5; К, 1-Ф, 2-Ф, 3-Ф, 5-Ф, 6-Ф, 3-П, 4-О, 7-О, 9-О);
- 3) қаржы тәуекелдері - 7;
- 4) құқықтық тәуекелдер - 3; 3) қызғылт сары аймақтағы – 15 тәуекел
- 5) операциялық тәуекелдер – 15. (2-С, 1-К, 4-К, 5-К, 4-Ф, 7-Ф, 1-П, 2-П, 1-О, 2-О-1, 2-О-2, 2-О-3, 3-О, 5-О, 6-О, 7-О-1, 7-О-3, 8-О, 10-О);
- 7.10. Тәуекелдер:
- 1) жасыл аймақтағы -1 тәуекел (2-К);
- 2) сары аймақтағы - 11 тәуекел (1-С, 3- 4) қызыл аймақтағы - анықталған жоқ.

Графическая карта рисков
АО «Усть-Каменогорские тепловые сети» на 2023 год



7.11. Күнтізбелік жылдың соңында Кәсіпорынның үйлестіру кеңесінің отырысында тәуекел иелерінің есептері тыңдалды, Кәсіпорынның іске асырылған тәуекелдері бойынша жиынтық есеп құрылды.

2023 жылдың қорытындылары бойынша 32 тәуекелдің 11-і іске асырылды, оның ішінде:

- 1) «стратегиялық тәуекелдер» тобы - 2-ден 1 тәуекел іске асырылды;
- 2) «қаржы тәуекелдері» тобы- 7-ден 2 тәуекел іске асырылды;
- 3) «құқықтық тәуекелдер» тобы - 3-ден 3 тәуекел іске асырылды;
- 4) «операциялық тәуекелдер» тобы - 15-тен 3 тәуекел іске асырылды;
- 5) «сыбайлас жемқорлық тәуекелдері» тобы – 5-тен 2 тәуекел іске асырылды.

Оның ішінде қызғылт сары аймақта орналасқан 8 тәуекел іске асырылды:

2-С	Білікті кадрлардың тапшылығы
2-Ф	Несиелер бойынша төлемеу тәуекелі (несиелік тәуекел)
6-Ф	Байланысты тауарларға (көмір-жылу энергиясы) баға айырмасы қозғалысының тәуекелі
1-П	ҚР заңнамасын бұзу тәуекелі және Кәсіпорынның кез келген саласында (сатып алу, ҚТ, ӨҚ, экология, өндіріс және т. б.) НҚА сақталмауы
2-П	Өнім берушілер алдындағы шарттық міндеттемелерді орындамау тәуекелі
3-П	Қалыптасқан сот тәжірибесінің тәуекелі
1-К	Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметті орындау кезінде жымқыру/пайда табу тәуекелі
5-К	Техникалық шарттарды беру саласында табиғи монополиялар және квазимемлекеттік сектор субъектілері көрсететін қызметтерді көрсету тәртібіндегі бұзушылықтар тәуекелдері.
1-О	Ірі тұтынушылардың жылу желілеріне өз бетімен қосылуы

11-О	Қазандықтар мен жылу желілерін толықтыруға арналған бастапқы суды өшіру («Өскемен-Водоканал» МКК, «ҚР ҚМ Өскемен АПБ»)
12-О	ИЖ уақтылы тексермеу

Үйлестіру кеңесінің 26.01.2023 ж. № 01 хаттамасымен 2023 жылғы тәуекелдер бойынша есеп бекітілді, сондай-ақ іске асырылған тәуекелдер бойынша басқарушылық шешімдер қабылданды.

8. Корпоративтік басқару

«Өскемен ЖЖ» АҚ корпоративтік басқаруды Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру, капитал тарту үшін шығындарды азайту, барлық мүдделі тараптардың беделі мен сенімін нығайту құралы ретінде қарастырады.


Корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы Қоғамның барлық органдарының құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді, Қоғамның тиімді қызметіне, активтердің өсуіне және қаржылық тұрақтылық пен пайда табушылықты қолдауға ықпал етеді.

Қоғам корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарын ұстана отырып, өзінің корпоративтік басқару жүйесін, оның ішінде өзінің корпоративтік басқару жүйесінің төменде көрсетілген негізгі қағидаттарын үнемі жетілдіріп, дамытуға тырысады:



Қағидаттар бойынша есеп кестелік нысанда есептің осы бөлімінің 8.1-тармағында көрсетілген.

«Өскемен жылу жүйелері» акционерлік қоғамының корпоративтік басқару құрылымы



«Өскемен ЖЖ» АҚ Жалғыз акционері

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 22.05.2023 жылғы № 106 «Өскемен жылу желілері» акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін облыстық коммуналдық меншікке қабылдау туралы» қаулысымен Қоғамның 100% акциялар пакетін иелену және пайдалану құқығы «Шығыс Қазақстан облысының құрылыс, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ берілді, ол Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес Қоғамға қатысты тиісті саланың уәкілетті органы ретінде белгіленді.

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің аталған қаулысымен «Шығыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы» ММ Қоғамның құрылтайшысы болуға өкілетті.

2023 жылы Жалғыз акционер тарапынан қарастырылған мәселелер:

2023 жылы төмендегідей 8 шешім қабылданды:

- Корпоративтік басқару кодексін жаңа редакцияда бекіту туралы;
- Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту туралы;
- Қоғамның Жалғыз акционері туралы ережені бекіту туралы;
- Директорлар кеңесі Комитеттерінің төрағаларына сыйақы сомасын белгілеу туралы;
- Қоғамның жылдық-қаржылық есептілігін бекіту туралы;
- Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы;
- Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін тағайындау туралы;
- Сенімгерлік басқару шартын бекіту туралы.

«Өскемен ЖЖ» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы:

Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамын Жалғыз акционер тарапынан белгіленген және Қоғамның Жарғысында бекітілген. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы оның қызметі ауқымы, бизнесінің қажеттіліктері, ағымдағы міндеттері, даму жоспары және/немесе іс-шаралар жоспары және Қоғамның қаржылық мүмкіндіктері ескеріле отырып, жеке түрде белгіленді.

Жарғының 35-тармағына сәйкес Директорлар кеңесінің құрамына міндетті түрде тиісті саланың уәкілетті органының өкілдері, сондай-ақ, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның өкілдері кіруге тиіс.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы:

➤ **Байахметов Бақытжан Какенкаджиевич** - Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары, Жалғыз акционердің 31.05.2023ж. №6 шешімі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды;

➤ **Кенесбаев Дидар Мухтарбекович** «Шығыс Қазақстан облысының құрылыс, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ басшысы болып табылады. Жалғыз акционердің 31.05.2023ж. № 6 шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды;

➤ **Рамазанов Нурлан Сагитбекович** «Шығыс Қазақстан облысының құрылыс, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ басшысының орынбасары. Жалғыз акционердің 31.05.2023 ж. №6 шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.;

➤ Мукашева Мадина Сакеновна «Шығыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы "ММ басшысының орынбасары. Жалғыз акционердің 31.05.2023 ж. №6 шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды;

➤ Уразбаев Ренат Саяхатович «Өскемен ЖЖ» АҚ Бас директоры. Жалғыз акционердің 03.2017 ж. №4 шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорлары:

➤ Шерубаев Айтказы Сеитович Жалғыз акционердің 13.08.2020ж. №4 шешімі бойынша ШҚО әкімі аппаратында соғыс және еңбек ардагерлерімен жұмыс жөніндегі атқарушы хатшылықтың басшысы болып сайланды (2016 ж. қаңтарынан қазіргі уақытқа дейін).

➤ Сурченко Александр Владимирович Жалғыз акционердің 04.09.2020ж. №5 шешімі бойынша тәуелсіз директор болып сайланды. «Өскемен ЖЖ» АҚ-да 02.07.2001 ж. бастап 31.08.2017 ж. дейін әртүрлі лауазымдарда жұмыс істеді (соңғы лауазымы Бас директор). Қазіргі уақытта зейнеткер.

➤ Устьянцева Людмила Михайловна, Жалғыз акционердің 28.12.2022 ж. №10 шешімі бойынша тәуелсіз директор болып сайланды, 1996 жылдан бастап ШҚО бойынша Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау департаментінде әртүрлі лауазымдарда жұмыс істеді. Қазіргі уақытта ШҚО бойынша заң кеңесшілері палатасының құрамына кіреді.

Директорлар Кеңесінің құрамы арқылы Қоғамның жынысы бойынша гендерлік теңгерімді күшейту жөніндегі озық тәжірибе талабын орындап жатқанын көруге болады, бұл Корпоративтік басқарудың Үлгі Кодексінің 79-тармағына сәйкес келеді.

Тәуелсіз директорлардың тәуелсіздігін анықтау критерийлері:

- Кандидат және (немесе) онымен байланысты тұлғалар Қоғамның атқарушы органының қызметкері болып табылмайды және соңғы 3 күнтізбелік жыл ішінде болған емес;

- Осы Қоғамның аффилирленген тұлғасы болып табылмайды және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде (осы Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда) болған емес;

- Осы қоғамның аффилирленген тұлғасына қатысты аффилирленген тұлға болып табылмайды;

- Мемлекеттік қызметші болып табылмайды;

- Осы Қоғам органдарының отырыстарында акционердің өкілі болып табылмайды және ол Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде болған емес;

- Аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде осы Қоғамның аудитіне қатыспайды және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған.

2023 жылы Директорлар Кеңесінің 7 отырысы өткізілді, оның ішінде 3 бетпе-бет және 4 сырттай отырыс, Қоғам қызметінің негізгі салалары бойынша 28 мәселе қарастырылды.

№	ТАӨ	Жеке қатысу арқылы бетпестік отырыстарға қатысу	Бюллетень бойынша дауыс беру арқылы сырттай отырыстарға қатысу	Конференц байланыс арқылы отырыстарға қатысу,	Қабылда нған шешімге % қатысу
1	Байахметов Б.К.	2	2	-	100%
2	Кенесбаев Д.М.	2	2	-	100%
3	Рамазанов Н.С.	2	2	-	100%
4	Мукашева М.С.	2	2	-	100%
5	Уразбаев Р.С.	3	4	-	100%
6	Шерубаев А.С.	3	4	-	100%
7	Сурченко А.В.	3	4	-	100%
8	Устьянцева Л.М.	3	4	-	100%

* Директорлар кеңесінің алғашқы төрт мүшесі 31.05.2023 ж. бастап Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен тағайындалғанын және барлық келесі отырыстарға қатысқанын ескеру қажет, осыған байланысты оларға 100% қатысу қойылды.

«Өскемен ЖЖ» АҚ атқарушы органының құрамы - Басшылық Бас директор - Уразбаев Ренат Саяхатұлы

Қоғамдағы еңбек жолын 2009 жылы жылу желілерін жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі слесарь болып бастады, одан кейін диспетчер, инженер, Үлбі ауданы жылу желілерінің бастығы лауазымдарында, кейін жылу энергиясын беру директоры болып қызмет етті. 2017 жылғы 27 ақпанда «Өскемен ЖЖ» АҚ Бас директоры болып тағайындалды.

Еліміздің әлеуметтік - экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін 2017 жылы «Еңбек үздігі» медалімен, 2018 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының құрылу күніне орай «Қазақстан Республикасының Құқықтық тәртіп әскерлеріне 25 жыл» төсбелгісімен, 2020 жылы «Қазақстан Конституциясына 25 жыл» мерейтойлық медалімен, 2020 жылы «Халық алғысы» медалімен 2021 жылы «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерейтойлық медалімен, марапатталды, 30.03.2023 жылы Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының сегізінші шақырылымының I сессиясының қорытындысы бойынша Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының депутаттық корпусына кірді.

Атқарушы органның қызметі туралы есеп

1) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №55 бұйрығымен бекітілген Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңде жұмысқа әзірлік паспортын алу қағидаларына сәйкес 2023-2024 жылыту маусымына «Өскемен ЖЖ» АҚ дайындығы тұрғысынан сараптамалық қорытынды алынды, 2023 жылғы 31 тамызда «Өскемен қ. ТКШ, ЖК және ӘЖ бөлімі» ММ дайындық паспортын алуға арналған құжаттар пакеті бар өтініш берілді.

2023-2024 жж. күзгі-қысқы жағдайда жұмыс істеуге «Өскемен ЖЖ» АҚ дайындық паспортын 2023 ж. 21 қыркүйегінде алды.

2) 2024 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша жылу желілерінің ұзындығы 2023 жылы жылу желілерінің жарғылық капиталына беру есебінен 5,8 км арнаға ұлғайды («Өскемен қаласының құрылыс бөлімі» ММ-ден - 5,2 км, басқа меншік иелерінен – 0,6 км).

3) 2023-2024 жж. жылыту маусымына дайындық бойынша 2023 жылы мынадай жөндеу жұмыстары жүргізілді:

I. Жылу желілерін жөндеу:

Нысандардың атауы	Ұзындығы	Саны		% орындау
		жоспар	Нақты дерек	
1. Жылу желілерін жөндеу, барлығы	км. канал	449,2	449,2	100
Кварталдық желілерді жөндеу	км.канал	340,715	340,715	100
Магистральдық желілерді жөндеу	км.канал	108,524	108,524	100
Толық ауыстыру	км.канал	4,953	4,953	100
2. Жылу желілерін жөндеуден кейінгі гидравликалық сынақтар	км.канал	449,2	449,2	100

I. Қазандық жабдығын жөндеу (белгіленген қуаты сағатына 100 Гкал-дан жоғары)

№ р/б	Жабдықтың атауы	Нақты орындау мерзімі		Орындау көлемі, %	Ескерту
		басталуы	аяқталуы		
1.1	КВ-КО-50 Ст №1 қазандық агрегаты	01.08.23	31.08.23	100	ағымдағы жөндеу
1.2	Е-50/14 ст. № 2 қазандық агрегаты	17.04.23	14.05.23	100	ағымдағы жөндеу х/сп
		15.05.23	-	51	күрделі жөндеу мердігер
1.3	Е-50/14 ст. № 3 қазандық агрегаты	19.06.23	16.07.23	100	ағымдағы жөндеу
1.4	Е-50/14 ст. № 4 қазандық агрегаты	15.05.23	18.06.23	100	ағымдағы жөндеу
1.5	Е-50/14 ст. № 5 қазандық агрегаты	17.07.23	13.08.23	100	ағымдағы жөндеу

II. Қазандық жабдығын жөндеу (белгіленген қуаты сағатына 100 Гкал дейін):

11. Қазандық жабдығын жөндеу (осы менен құаты сағатына 100 т.қабыл)							
№ р/б	Жабдықтың атауы	Жоспарлы орындау мерзімі		Нақты орындау мерзімі		Орын дау	Ескертулер
		басталуы	аяқталуы	басталу ы	аяқталуы	көлемі, %	
№3 қазандық:		01.02.23	29.09.23	-	-	100	-
2.1	КЕ-25-14С №1 қазандық агрегаты	08.05.2023	25.09.2023	08.05.23	25.09.23	100	күрделі жөндеу. мердігер
		08.05.2023	26.07.2023	01.06.23	31.07.23	100	ағымдағы жөндеу
2.2	КЕ-25-14С №2 қазандық агрегаты	03.04.2023	31.05.2023	03.04.23	31.05.23	100	ағымдағы жөндеу
2.3	КЕ-25-14 С №3 қазандық агрегаты	01.08.2023	29.09.2023	01.08.23	29.09.23	100	қазандық агрегаты
2.4	КЕВ-25-14 С-150 №4 қазандық агрегаты	01.02.2023	24.03.2023	01.02.23	24.03.23	100	ағымдағы жөндеу
3	№ 4 қазандық (3 қазан)	17.04.23	28.08.23	17.04.23	-	100	күрделі жөндеу
4	№ 5 қазандық (6 қазан)	01.05.23	31.08.23	01.05.23	31.08.23	100	ағымдағы жөндеу
5	№6 қазандық (5 қазан)	01.05.23	31.08.23	01.05.23	31.08.23	100	ағымдағы жөндеу
6	№7 қазандық (4 қазан)	15.05.23	31.08.23	15.05.23	31.08.23	100	ағымдағы жөндеу
7	№8 қазандық (4 қазан)	02.05.23	01.09.23	02.05.23	01.09.23	100	
8	№9 қазандық (9 қазан)	01.06.23	14.07.23	01.06.23	14.07.23	100	ағымдағы жөндеу

ШҚО ТМРКД бекіткен тарифтік смета бойынша шығындар тапшылығына байланысты «Өскемен ЖЖ» АҚ 2023 жылы талап етілетін жылдық көлемнен жылу желілерінің 35.4% -ын ғана ауыстыру мүмкіндігі болды. Бұл фактор жөндеу үшін нысандарды таңдау критерийлерін қолдана отырып, жұмыстың сапасы мен мерзімдерін бақылай отырып, жөндеуге бөлінген қаражатты барынша тиімді игеруге міндеттейді. Жылумен жабдықтау жүйесінің сенімділігін талдау нәтижелері жақсару үрдісінің бар екені туралы айтуға мүмкіндік береді. Бұған жылу желілерінің құбырларын жөндеуге шығарудың басымдылығын анықтау арқылы қол жеткізілді, бұл бұзбайтын бақылау және диагностика әдістерін қолдана отырып, жылу желілері учаскелерінің сенімділігін ықтималды бағалау нәтижелері негізінде жұмыстардың басымдылығын анықтауға мүмкіндік береді.

Жылу желілерін ауыстыру көлемінің жеткіліксіздігіне қарамастан, жылу желілерінің ұзындығының ұлғаюы аясында (454.85 км.к. – 2023 жыл, 449,239 км. к. - 2022 жыл, 444,597 км.к. - 2021 жыл) Кәсіпорын нормативтік жылу шығындары аясында қала алды. Бұған инвестициялық бағдарлама бойынша жылу желілерінің учаскелерін ауыстыру және ағымдағы жөндеу, сондай-ақ, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды орындау есебінен қол жеткізілді. Есепті кезеңдегі жылу энергиясының нақты техникалық шығындары тарифтік сметада көзделген нормативтік мәндер шегінде болды (437,34 мың. Гкал) және 418,76 мың Гкал немесе 17,5% құрады.

Инвестициялық бағдарламаны іске асыру көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігін жақсартуға ықпал етті – есепті кезеңде Кәсіпорын қызметкерлерінің кінәсінен туындайтын технологиялық бұзушылықтарға байланысты тұтынушылардың ажыратылуы орын алған жоқ және 1, 2 дәрежелі апаттар мен бас тартулар болмады.

Атқарушы орган Қоғамның директорлар Кеңесінің шешіміне сәйкес бір жылдағы жұмыс қорытындысы бойынша сыйлықақы алады.

Қоғамның қызметкерлер құрамы Кәсіпорынның «Бір жылдағы жұмыс қорытындысы бойынша қызметкерлер құрамын көтермелеу туралы» Ережесіне сәйкес ұқсас сыйлықақы алады. Бонус әрбір қызметкердің еңбегін және оның Кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық қызметі үрдісіне қосқан жеке үлесін жеке бағалау негізінде есептеледі.

Бонус қоры тұрақты және ауыспалы бөліктерге бөлінеді: Тұрақты бөлігі - жалпы бонус қорының 30% –зы қызметкерлерге Кәсіпорынның нақты санына тең бөлінеді; Ауыспалы бөлігі - жалпы бонус қорының 70% -зы негізгі және қосымша критерийлер бойынша еңбекке қатысудың нақты коэффициенттерінің сомасына қарай және қызметкердің есептік кезеңдегі орташа айлық еңбекақысы қызметкерлерге бөлінеді.

Бонустың ауыспалы бөлігін есептеу критерийлері негізгі және қосымша болып бөлінеді. Негізгі критерийлер бойынша бонустың ауыспалы бөлігінің 80% - на дейін бөлінеді, қосымша критерийлер бойынша 20% - ға дейін бөлінеді.

Бонустың ауыспалы бөлігінің критерийлері Кәсіпорын Ережесінде көрсетілген және жұмысшылардың жеке бөлімшелер үшін де, тұтастай алғанда Кәсіпорын үшін де тиімді болып табылатын жобаларға, міндеттерге жұмсаған күш-жігерін бағалауға мүмкіндік береді.

8.1. Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп

1. Өкілеттіктерді ажырату қағидаты

Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Бас директордың құқықтары мен құзыреттері ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгіленеді, Қоғамның жарғысында бекітілген және мүлтіксіз орындалады.

Мемлекеттік орган акционер ретінде Қоғамға толық операциялық дербестік береді және Қоғамның жедел/ағымдағы қызметіне араласпайды (ҚР заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда) және бұл шартты Жалғыз акционер тікелей немесе жанама бақылайтын басқа шаруашылық жүргізуші субъектілерден алуға міндеттенеді.

Көрсетілген Қағида «Өскемен ЖЖ» АҚ КБК-нің 4-тарауында көрсетілген.

2. Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты

Жалғыз акционердің құқықтарын сақтау Қоғам қызметінің негізгі шарты болып табылады. Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыру, оның құқықтары мен міндеттері ҚР қолданыстағы заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес белгіленеді.

Қоғам Жалғыз акционердің назарына Жарғыда және ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын өз қызметі туралы ақпаратты уақтылы және толық көлемде жеткізеді.

3. Қоғамды Директорлар кеңесі мен Бас директорының тиімді басқару қағидаты

Директорлар кеңесі өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына, осы Кодекске сәйкес жүзеге асыратын басқару органы болып табылады.

Директорлар Кеңесінде «Өскемен ЖЖ» АҚ мүддесі үшін тәуелсіз, дұрыс және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылар, тәжірибе мен білім теңгерімі сақталды.

2023 жылы Директорлар кеңесі мынадай мәселелер бойынша 7 отырыс өткізді: Қоғамның жылдық-қаржылық есептілігін алдын ала бекіту, Даму жоспары бойынша есепті бекіту, Қоғам міндеттемелерін шарттар жасасу арқылы өзінің меншікті капиталы мөлшерінің 10 және одан да көп % -ын құрайтын шамаға ұлғайту және басқалар.

Тәуелсіз директорларға өз мерзімінде сыйақы төленді.

2023 жылы Жалғыз акционер Корпоративтік басқару кодексін жаңа редакцияда қабылдау, Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту, Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау, Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағаларына сыйақы сомасын белгілеу және т.б. мәселелер бойынша 8 шешім қабылдады.

Сондай-ақ, Бас директор Қоғамға басшылықты Жарғы мен осы Кодекстің талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

Корпоративтік хатшының қызметінде бұзушылықтар анықталған жоқ.

4. Тұрақты даму қағидаты

«Өскемен ЖЖ» АҚ мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, ұзақ мерзімді кезеңге орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін экономикаға, экологияға және қоғамға тигізетін өз ықпалының маңызды екенін түсінеді.

Қоғамның барлық қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары барлық деңгейде Қоғамның тұрақты дамуына өз үлесін қосады.

Қоғамда ҚР Еңбек кодексінің талаптарын сақтай отырып жасалған, әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына бағдарланған Ұжымдық шарт әрекет етеді, Ұжымдық шарт құрамына келесі қызметтер кіреді: еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және

қызметкерлердің денсаулығын сақтау, әділ сыйақы төлеу, қызметкерлердің құқықтарын құрметтеу және материалдық тұрғыда көтермелеу, қызметкерлерді дамыту/оқыту.

Қоғамның тұрақты дамуының экономикалық бөлігі. Жылумен жабдықтаудың сенімділігін қамтамасыз ету: 1.1. Қоғам қызметкерлерінің кінәсінен технологиялық бұзушылықтарға байланысты тұтынушыларды ажыратуға жол бермеу - 0 ажырату;

1.2. 1-дәрежелі апаттар мен істен шығулардың болмауы - 0 істен шығулар мен апаттар;

1.3. Қаржыландыру көздері шегінде 2023 жылы бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуын қамтамасыз ету - 100% (1.02.2023 ж. бастап 31.01.2024 ж. дейінгі кезеңде ИБ орындаудың жоспарланған сомасы - 2 192 918 мың теңге, оның ішінде:

1) қарыз қаражаты - 47 582 мың теңге;

2) меншікті қаражат - 2 145 336 мың теңге.

Орындау:

1) қарыз қаражаты - 47 582 мың теңге.

2) меншікті қаражат - 1 045 109 мың теңге. (іс-шаралар 2024 жылға ауыстырылды - 817 529 мың теңге, конкурстарды өткізу қорытындысы бойынша үнемдеу - 16 851 мың теңге, .руашылық тәсілмен монтаждау жұмыстарын жүргізу есебінен және жабдықтың құнын өзгерту есебінен жекелеген іс – шаралар бойынша соманы ұлғайту - 327 мың теңге).

Сонымен қатар, 2019 жылы жүргізілген энергоаудиттің қорытындысы бойынша Қоғамның энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі 2020-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді.

2. Экологиялық бөлігі.

2.1. Қоршаған ортаға шығарылатын эмиссияларға белгіленген лимиттердің сақталуын қамтамасыз ету - 100%.

2.2. 2023 жылға жоспарланған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс – шаралар жоспарына енгізілген іс-шараларды орындау - 9 іс-шара орындалды. Бұдан басқа, әрбір ай бойынша барлық пайдаланылатын/қолданылатын энергетикалық ресурстарды тұтынуға егжей-тегжейлі талдау жүргізіледі.

3. Әлеуметтік бөлігі.

3.1. Кәсіпорын қызметкерлерін сырттай оқыту және біліктілігін арттыру жоспарының орындалуын 100% қамтамасыз ету.

5. Тәуекелдерді басқару принципі, ішкі бақылау және аудит

Қолданыстағы бизнес-үрдістер құрылымдық бөлімшелердің басшыларына/тәуекел иелеріне Қоғам алдындағы міндеттерге сүйене отырып басқаруға мүмкіндік беретіндей реттелген.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 29.11.2023 ылғы №06-23 хаттамасымен Е 16-01 «Өскемен жылу жүйелері» АҚ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі саясаты» №2 редакциясы бекітілді.

Бас директор Қоғамның Тәуекелдер графикалық картасын және 26.01.2023 ж. тәуекелдер картасына тәуекелдердің тізбесін бекітті, тәуекелдердің иелері анықталды.

Анықталған тәуекелдерді бағалау және талдау жүргізілді, тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар әзірленді. Тәуекелдердің тұрақты мониторингі және жоспарланған іс-шаралардың орындалуына талдау жүргізіледі.

2023 жылдың қорытындылары бойынша тәуекелдерге талдау жүргізілді, іске асырылған тәуекелдер туралы есеп құрылды, ол Кәсіпорынның Үйлестіру кеңесінің отырысында қарастырылды және Кеңестің 26.01.2024 ж. №01 хаттамасымен мақұлданды.

2023 жыл ішінде тәуекел-менеджментті іске асырудың сәйкестігін нақты бағалау бекітілген бағдарламаға сәйкес Қоғамның БМЖ ішкі аудиттері барысында жүзеге асырылды («БМЖ Ішкі аудиттер бағдарламасын және Қоғамның 2023 жылға арналған аудиторлар құрамын бекіту туралы» 26.12.2022 ж. №662 бұйрық).

«Өскемен ЖЖ» АҚ Директорлар кеңесінің 18.11.2021 ж. №3-21 хаттамасымен «Өскемен ЖЖ» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты бекітілді. Бұл құжат «Өскемен ЖЖ» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі ережелерін бекітеді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің және тәуекелдерді басқару менеджменті жүйесінің бөлігі болып табылады.

Сондай-ақ, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға шарт тараптарының Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, іскерлік әдеп пен парасаттылық нормаларын міндетті сақтауын көздейтін ережелер әзірленіп, енгізілді.

6. Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу саясаты

Мүдделер қақтығысын болдырмау Қоғамның Жалғыз акционерінің, «Өскемен ЖЖ» АҚ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін маңызды шарт болып табылады.

Қоғамдағы корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу, сондай-ақ, барлық органдар мен лауазымды тұлғалардың іс-қимылдарын үйлестіру мақсатында Бас директор 2020 жылы мүдделер қақтығысын басқару жөніндегі КЕ 05-14 бекітті. 2023 жылы «Өскемен ЖЖ» АҚ-да корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысы жағдайлары тіркелген жоқ.

Имидждік шығындардың алдын алу мақсатында Қоғам қызметкерлері Интернет желісінде, оның ішінде әлеуметтік желілерде және блог-платформаларда жұмыс істеу бойынша Қоғам қызметкерлеріне арналған жадынама талаптарымен танысты және оларды ұстанады.

7. Қоғам қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен дұрыстығы қағидаттары

Қоғам қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында ҚР «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен ақпаратты ашуды жүзеге асырады.

2023 жылы интернет-ресурста (КЕД ресми порталында) корпоративтік оқиғалар туралы 20 есеп, оның ішінде Қоғамның үлестес тұлғалары бойынша 4 есеп орналастырылды.

Бұдан басқа, Қоғам туралы ақпарат жақсы құрылымдалған, пайдалануға ыңғайлы навигациясы бар және мүдделі тұлғаларға қажетті ақпаратты қамтитын «Өскемен ЖЖ» АҚ интернет-ресурсында ашылады. Және ақпарат интернет-ресурстың жекелеген тақырыптық бөлімдерінде орналастырылады және үнемі өзектендіріледі.

Қоғамның коммерциялық құпиясын құрайтын ақпаратты заңсыз ашу деректері анықталған жоқ.

8.2. Жалғыз акционер тарапынан күтілетін нәтижелерді іске асыру жөніндегі есеп

Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің ұстанымы мен пікірін есепке алу үшін барынша қажетті шараларды қабылдайды. Оның ішінде, Жалғыз акционердің өкілдері Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылады. Барлық мәселелер алдын ала қарастыру үшін Жалғыз акционердің өкіліне жіберіледі. Заңнамаға сәйкес мемлекеттік басқару органымен алдын ала келісуді талап ететін мәселелер осындай келісімді алғаннан кейін Директорлар кеңесінің қарастыруына енгізіледі.

Жалғыз акционердің қызметкерлері болып табылатын Директорлар кеңесінің төрағасы және Директорлар кеңесінің мүшелері Жалғыз акционермен тиімді байланысты қамтамасыз етеді.

Даму жоспарында көрсетілген қызметтің болжамды негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуді бағалау 2022 жылға арналған даму жоспарының іске асырылуын бағалау жөніндегі есепті ақпарат құрамында Директорлар кеңесімен 29.11.2023 жылы бекітілген. 2023 жылға арналған Даму жоспарының іске асырылуын бағалау жөніндегі есеп 2024 жылдың соңында бекітілетін болады.

9. Аудитордың қорытындысы және қаржылық есептілік

